

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебі математика пән әдіс бірлестігінің 2021-2022 оқу жылының I-жарты жылдығында атқарылған жұмыстары жайлы есебі
Математика пән әдістемелік бірлестігі құрамында — 8 мұғалім бар. Барлығы жоғары білімді. Бірлестік мүшелерінде педагог-зерттеуші-5, педагог-сарапшы-1, педагог-модератор-1 мұғалім біліктілік санаттарын қорғаған.

Пән әдіс бірлестікте бір жас маман жұмыс істейді мектеп директорының бұйрығына сәйкес тәлімгері бекітілген. Мырзамұрат Г, тәлімгері Тоғызбаева Т. П. педагог-зерттеуші, педагогикалық өтілі – 13 жыл.

Мұғалімдердің ұзақ мерзімді жоспарлары әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес жасалып, бірлестік отырысында талқыланып, бірлестік жетекшісі қол қойды. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары тарапынан тексеріліп, директор тарапынан бекітілген. Күнделікті қысқа мерзімді жоспарлар №130 бұйрыққа сай жасалынған.

Комиссия мүшелері сайланып пән кабинеттерінің дайындығы тексерілді, онда пән кабинеттерінің көрнекіліктері біршама жаңартылу керектігі көрсетілді. Сондай-ақ математика пән кабинеттері меңгерушілері болып төмендегі пән мұғалімдері бекітілді: Нұрахова Г №9, Тоғызбаева Т №13. Үйде оқитын оқушылардың математика пәндері Құлымбетова Н, Нұрахова Г, Сүлеймен М, Мырзамұрат Г бекітілді, жоспары жасалып, бекітілген. Барлық мұғалімдер жоспарға сай жұмыс атқаруда: күнделікті сабақ жоспарларын жазу, тексеру, дәптер тексеру, бақылау жұмыстарын алу, сондай-ақ БЖБ, ТЖБ алу, балл қою өз уақытысында орындалып отыр.

Жұмыс барысында мұғалімдердің сабағына еніп, дәптер тексеру барысы тексерілді. Дәптер тексеру барысында оқушыларға балл қоюмен қатар қысқаша комментарий жазу керектігі ескертілді. Мектепшілік пән олимпиадасына оқушыларды дайындау барысында дарынды оқушымен жұмыс өз деңгейінде жүргізілді.

25-30 қазан аралығында мектепшілік пән олимпиадасы болып өтті.

Нәтижесінде: 8-сыныптан Әкімбек Әлихан, 9-сыныптан Шәкір М, 10-сыныптан Рысқыбай Ә, 11-сыныптан Бұхарбай Д аймақтық олимпиадаға жолдама алды.

Математика пән әдіс бірлестігінде біршама жетістіктер бар: Құлымбетова Нәбира Аудандық әдістемелік нұсқаулық байқауынан III орын иеленді.

Тұрсынбаев Ғалым аудандық пән олимпиадасынан I орын иеленді.

Тұрлыбекова Ләйлә тамыз мәслихатында құнды баяндама оқығаны үшін алғыс хат, аудандық үздік авторлық бағдарлама байқауынан I орын иеленді.

Мектепшілік ғылыми жоба жұмысында Тоғызбаева Тұрсынайдың 7-сынып оқушысы Көмек Ж III-ші орын иеленді.

Нұрахова Гүлдана «Педагогикалық идеялар фестивалінің» аудандық кезеңінде жүлделі III орын иеленді.

Пән әдіс бірлестігінің жетекшісі: Тұрлыбекова Л